

«Білімді, көзіашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу - біздің қанымызда бар қасиет. Тәуелсіздік жылдарында қыруар жұмыс жасалды. Біз он мыңдаған жасты әлемнің маңдайлады университеттерінде оқытып, дайындадық. Бұл жұмыс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қолға алынған «Болашақ» бағдарламасынан басталды. Елімізде өте жоғары деңгейдегі бірқатар университеттер ашылды, зияткерлік мектептер жүйесі қалыптасты. Басқа да көптеген іс тындырылды»

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірде «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру атты» мақаласынан

2
ЖАСАЙ БЕР,
СҮЙІКТІ ОҚУ
ОРДАМ!

30 сәуір Университет күні құтты болсын!



5
РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ -
ОЙ САНАНЫҢ
КЕМЕЛДЕНУІ



ШЫНДЫҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ - ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

Ясауи
университеті

УНИВЕРСИТЕТ
СТУДЕНТТЕРІНІҢ
ҮНІ

e-mail: a.yassau@mail.ru

№9 (436) 15 МАМЫР 2017 ЖЫЛ

*СЕНАТ

БОЛАШАҚҚА БАҒДАР ЖАСАҒАН ЖИЫН

Таяуда университетте №5 Сенат мәжілісі өтті. Сенат төрағасы У.Әбдібеков Елбасы Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы маңызды бағыттарға тоқталды.

Университет ректоры У.Әбдібеков, Даму және қаржыландыру жөніндегі вице-президент М.Эрен бірқатар мерейтой иелері мен ғылым, білім жолында жетістікке қол жеткізген оқытушы-профессорларды құттықтап, марапаттады. Ғылым және инновациялық істер жөніндегі вице-президент Т.Раимбердиевке Түркі әлемінің мерекелік «Наурызанама» бағдарламасы аясында өткізілген «Түркістан және Түркология» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясын жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін ОҚО әкімі Ж.Түймебаевтың атынан Алғыс хат табыстады.

Күн тәртібіндегі негізгі мәселе бойынша Кәсіподақ комитетінің төрағасы Алтынбек Кенжалиев аталмыш комитеттің 2016 жылғы жұмысы туралы қаржылық мәліметі ұсынды. Атқарылған жұмыстар жайлы есеп берді. Клиника бас дәрігері Рүстемова Сандуғаш Клиника-диагностикалық орталығы қызметінің стратегиялық жоспар бойынша



мақсат-міндеттері мен даму көрсеткіштерінің орындалуы туралы баяндады. Сондай ақ, аталмыш жиында басқа да бірқатар маңызды мәселелер талданды. Университет Ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, оқытушы-профессорлардың дайындаған оқулық, оқу құралы мен монографияларын баспаға ұсыну мәселесі де талқыланып, мақұлданды.

Докторанттар мен магистранттардың диссертациялық тақырыптарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және бекіту мәселесі де қаралып, бекітілді.

ЯУ-ақпарат

10 ОҚУШЫ УНИВЕРСИТЕТ КВОТАСЫНА ИЕ БОЛДЫ

Университетімізде «Түркістан-Түркі әлемінің мәдени астанасы» тақырыбы аясында мектеп оқушылары арасында «Дінтану» пәндік олимпиадасы өтті. Аталған шара ҚР Білім және ғылым министрлігінің келісімімен ұйымдастырылды.

Олимпиаданың мақсаты: дарынды оқушыларды анықтау, дамыту және қолдау көрсету. Дінтану және теология мамандықтарына бейімді талапкерлерді анықтау, олардың мамандыққа қызығушылығын арттыру, жеткіншектердің жеке тұлғалық және шығармашылық әлеуетінің дамуына жағдай жасау, дін саласына ғылыми ізденушілігіне қызығушылығын арттыру. Сонымен қатар жалпы білім беретін мектеп оқушыларының «Зайырлық және Дінтану негіздері» пәнінің оқу бағдарламасын меңгеруі деңгейлерін анықтау және қорытындысы бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Олимпиада «Зайырлық және Дінтану негіздері» пәнінің оқу бағдарламасы тақырыптарын қамтыды.

Білім бөлігіне Ақмола, Атырау, Ақтөбе, Алматы, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Жамбыл, ОҚО облыстарынан және Астана, Алматы және Түркістан қалаларынан 50 оқушы бірге қатысты.

Олимпиаданың бірінші турында жалпы дамуға тапсырмалар беріліп, жазбаша шығарма жазылса, екінші турда «Таным» - теориялық білімге ауызша тапсырмалар қойылды.

Екі күнге созылған білім додасының жеңімпаздарын анықтау да оңай болған жоқ. Қорытынды марапаттау рәсімінде университеттің Даму және қаржыландыру жөніндегі вице-президенті М.Эрен, Л. Гумилев атындағы Евразия Ұлттық университеті дінтану кафедрасының профессоры Д.Кенжетеев, Гуманитарлық ғылымдар факультетінің деканы Е.Төлегенов, Дінтану кафедрасының меңгерушісі И.Шенгүл 10 оқушыға университет квотасының сертификаттарын табыстады. II Республикалық «Дінтану» пән олимпиадасына қатысып белсенділік танытқаны үшін 40 оқушыға мақтау қағаздары табысталып, марапатталды.

ЯУ-ақпарат

БІЛІМ АЛЫП САЯҢДА...

СҮЙІНШІ!

«САРАСӨЗ» - ЖАҢА ЖУРНАЛ

Жуырда Түркістан қаласындағы Түрік тілдес халықтар кітапханасында әдеби-танымдық «Сарасөз» журналының тұсаукесер рәсімі өтті. Жаңа журналдың тұсаукесер лентасын Түркістан қаласы әкімінің орынбасары Ғани Рысбеков, ҚР-ның Халық әртісі, профессор Қ.Бекбосынов қиып, басылым редакторына игі тілектерін жеткізді. Журналдың редакторы университетіміздің түлегі Гүлжаз Қарыбек. Журналдың алғашқы саны сәуір айында 2000 данамен жарық көрген еді.

Шараға келген қонақтар арасында, әдебиет сыншысы, профессор Қ.Ергөбек, ҚР Мәдениет қайраткері, доцент С.Елеуов, ұлағатты ұстаз, профессор С.Садықов, шараның жүргізушісі, профессор Б.Серделі, филология ғылымдарының кандидаты, доценттер Б.Оспанова, Ж.Исмаилова мен тағы да басқа азаматтар бар. Барлығы да журналдың жарық көруіне орай жылы лебіздерін білдіріп, құттықтауларын

жеткізді. Өнер тарландары Қ.Бекбосынов, С.Елеуов ән-жырдан шашу шашты.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласындағы «XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы» аталатын I бөлімде Ұлттық бірегейлікті сақтау туралы Мемлекет басшысы: «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күй-лері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні - бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана», - деген болатын. Осыған қарай журналдың жарыққа шығуы Мемлекет басшысы алдыға қойып отырған міндеттердің үдесінен шығады деуге болады.

Түркістан - түркі әлемінің мәдени астанасы атануымен бір мезетте тұспа-тұс келіп отырған мерейлі шақта жарық көрген журналдың алғашқы санында «Тұтас түркінің тойы тарқамасын» деген редактор мақаласында түркі бірлігі паш етілген. Редактор Г.Қарыбек: «Мақсатымыз - дүйім жұртты материалдық игілік иектеп, руханият құндылығы әлсіреп кеткен осы бір тұста қазақты өркендетке бастау. Қазіргі жаһандану заманында ұлттық болмысымызды бағалап, ұлттық құндылығымызды көздің қарашығындай сақтай отырып адамзаттық үдеріске қосылу. «Сарасөз» ұстанымы - өркеніет биігіне жол тарту. Арзан сөздің уақыты өтті, ендігі кезек ұлттың жадын қаузайтын, жанын марқайтатын сарасөздікі болар. «Сарасөздің» айтпағы - тыңдаушы түзелді, сен де түзел қазақ баласы! Арзан сөз ұсынбауға - біз, асыл сөзді қабылдауға - Сіз үде беріселік!» - дейді зиялы қауымға арнауында.

АҚПАРАТ ОРТАЛЫҒЫ



1992 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Түркия Республикасының сол кездегі премьер-министрі Сүлеймен Демирел Қожа Ахмет Ясауи атындағы Түркістан Мемлекеттік университетін Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті етіп қайта құру туралы келісімге қол қойды. Қазақ-түрік ынтымақтастығының алтын көпіріне айналған құжатқа биыл 25 жыл толып отыр.

Жылдағы дәстүр бойынша 29-сәуірде «Университет күніне» арналған салтанатты жиын өтті. 1997 жылы бітірген түлектердің 20 жылдық кездесуі Түркістанның Түркі әлемінің мәдени астанасы болып бекітілген жылымен тұспа-тұс келді. Мерейлі мерекеге еліміз бен ТМД мемлекеттерінен екі жүзге жуық түлек қатысты. Университет президенті У.Әбдібеков пен вице-президент М.Эрен түлектерді құттықтады. Бірқатар түлектерге университеттің «25 жылдық» мерейтойлық төсбелгісін табыстады.

Араға 20 жыл салып түлеп ұшқан білім ошағына келіп, оқу ғимараттарын аралаған түлектер ұстаздарымен де сағына қауышты. Еліміздің түкпір-түкпірінде қызмет атқарып жүрген түлектер университетке арнап, сый-сияпаттарын да арқалап келіпті. Мерекеге арнап игі тілектері мен ұстаздарына деген алғыстарын айтқан түлектер естелік сыйлықтарды оқу ордасына сыйға тартып жатты. Өнерпаз ұландардың шырқаған әндері мен бұралған билері Түркістан аспанын шаттыққа бөледі.



ӘРІШТЕСТЕР ӘЛЕМІ

ЖАСАЙ БЕР,
СҮЙІКТІ ОҚУ ОРДАМ!

Университет күні мен түлектердің 20 жылдық бас қосуына келген қонақтардың оқу ордамыз жайлы игі тілектерін ұсынғанды жөн көрдік.

Әбдуәлі БАЕШОВ, Химия ғылымдарының докторы, профессор:

1991 жылы жаңадан ашылған Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ Түрік университетіне экология факультетінің деканы қызметіне шақырылды. Кеңес Одағында Татарстанның Қазан қаласында 1990 жылы экология факультеті тұңғыш рет ашылды. Қазақстанда алғаш рет экология факультеті біздің университетімізде құрылды. Бастапқыда қиын болды. Оқулық жоқ. Жаңадан ашылған мамандық бойынша негізін үйрету керек, негіз білу керек деген сұрақ тұрды. Бағымызға орай қабылданған талапкерлердің басым көпшілігі алтын белгі иегерлері болды. Бұндай талантты балалармен жұмыс жасау оңай болды. Дәріс барысында бір рахаттанып қаламыз. Берілген тапсырманы артығымен орындап, білімге құштар болып тұрады.

1994 жылы Қазақстан бойынша алғаш рет мен дайындаған



оқу құралы эколог мамандарын қабылдайтын бағдарлама болып бекітілді. Осы университетте химия кафедрасының 22 түлегі ғылым кандидаты атанды. Соларға тікелей бағыт-бағдар беріп, жетекшілік еттім. Бізге Түркістан қаласы - білім, ғылым, мәдениет орталығы болды. 2003 жылы маған Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Еңбек сіңірген қайраткері атағы берілді. Университетте ғылыми жұмыстарды жасадық. Сол ғылыми жұмыстар негізінде Мемлекеттік сыйлықтың иегері атандым. Экология саласы бойынша ондаған оқу құралдарын қазақ тілінде жазып шығардық. Алғаш рет біздің шәкірттеріміз Аққоңыр Жылысбаева, Қарлығаш Баева, Ғани Ізтілеу ҚР Білім және ғылым министрлігінің дарынды жас ғалымдарға арналған Д.Қонаев атындағы сыйлықтың лауреаты атанды. Бұл ерекше табысқа қол жеткізген жас ғалымдарға берілетін. Сол жұмыстарды осы күнге дейін жалғастырып келеміз. Бірлесіп оқу құралдарын жазып жатырмыз. Химия кафедрасындағы ғылым кандидаттарының басым көпшілігі өзіміздің шәкірттеріміз. Университетте химия кафедрасында Ә.Баешов атындағы көшенді химия лабораториясы бар. Осы кафедрамен бірлесіп көптеген ғылыми жобаларды жасап жатырмыз.

1991 жылы Түркістанға келгенімізде қазіргі университет қалашығының орны мақталық алқап болатын. Сол кездегі ректор М.Жұрынов бұл жерден үлкен университет бой көтереді дегенде, күмәнданып қалатынбыз. Елсіз дала, егістік жерлер... қалай болар екен деп. Қанша жылғы төгілген тер, өткен еңбектің нәтижесінде әсем ғимараттар мен жайлы жатақханалар, оқу корпустары бой көтерді. Біз ойлағаннан да көп нәтижеге қол жетті. Біз Қазақстанда тұңғыш рет эколог мамандарын даярлап шығардық. Қазіргі таңда еліміздің қай түкпіріне болмасын біздің шәкірттеріміз жемісті еңбек етіп жүр. Бүгінгі мерейтойда шәкірттерімізді көріп, бір марқайып отырмын. Ширек ғасырдан асқан университетіміз өркендей берсін.

Сапар РАХМЕНШИЕВ, медицина факультетінің алғашқы түлектерінің бірі:

Біз медицина факультетіне 50 алтын белгі иегері бірге құжат тапсырдық. Бір орынға 7 адамнан келді. Бұны көріп, қатты толқидым. Сабақта белсенді, білімге құштар болдық. Тобымыздан 6 ғылым докторы, 12 ғылым кандидаты шықты. Олар Қырым, Якутия мен Қазақстанның барлық өңірлерінде, Сауд Арабиясы, Ресей, Қазанда жұмыс жасап жүр. Бүгінгі басқосуда курстас достарымызды көріп, марқайып отырмыз. Білім алған оқу ордамыздың туған күні құтты болсын. Біз сәбиміз, университет біздің анамыз. Оқу ордамыз жасай берсін.

Аққоңыр ЖЫЛЫСБАЕВА, экология мамандығының алғашқы түлектерінің бірі: Түркістан қаласында бой көтерген университеттің алғашқы түлегі болғанға қуаныштымын. Экология мамандығының студенттері де білімді болатын. Бүгінде алған білімдеріміздің жемісін көріп, ел игілігі үшін еңбек етіп жүрміз. Қандай жетістікке жетсек, ол университеттің арқасында деп білемін. Білім берген оқытушы-профессорлар қауымына алғысымыз шексіз.

Бекжан ЕСЕНБАЕВ университеттің түлегі, Қызылорда облыстық білім бөлімінің басшысы: Түркі жұртының рухани астанасы саналатын Түркістан қаласындағы университеттің түлегі екенімді мақтан тұтамын. Екі елдің бауырластық, ынтымақтастық қатынастарының алтын көпірі болған оқу ордамыздың мерейлі мерекесі құтты болсын. А.Байтұрсынов: «Алты Алаштың басы қосылса, төрдегі орын ұстаздарға арналады» деген еді. Тәлім берген ұстаздарымызға мың алғыс. Білімнің алтын бесігі болған оқу ордамыз жайнай берсін. Университет түлегі ретінде оқу ордамыздың қол жеткізген жетістігіне қуанып, бағындырған белестеріне іштей риза болып отырамыз.

Дина БҰҒЫБАЙ, 1997 жылғы түлек, Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инженеринг университетінің «Құқықтану» кафедрасының меңгерушісі:

Киелі білім шаңырағына келіп ұстаздарым мен курстас достарымды көріп отырғанға қуаныштымын. 1997 жылы бітірген түлектердің 20 жылдық басқосуына жиналған түлектердің атынан барша ұстаздарға алғыс айтқым келеді. Университеттің туған күні құтты болсын. Жыл сайын осындай мерекені тойлауды үрдіс еткен университет басшылығы мен ұжымына рахмет.

Дайындаған: Жанар Ұласбекқызы

Университетіміздің Медицина факультеті, «Адам морфологиясы және физиологиясы» кафедрасында қызмет ететін медицина ғылымдарының докторлары, профессорлар Сайдулла Жұмашев пен Ибрагим Ишиговтың өмірлерінен бір үзік сырды назарларыңызға ұсынамыз



ТАҒДЫРААС ДОСТАР

Бұл достардың алғашқы таныстықтары ХХ-ғасырдың 70-жылдары Ташкент медицина институтында, студенттік шақтан басталады. Сайдулла Нұрақұлы Өзбекстанда туып-өскен, ал Ибрагим Ағаұлы Сарыағаштың тумасы. Оқуды бітірген соң екеуі де туған жерлерінде медицина саласында қызмет атқарады. 1979 жылы 25 желтоқсанда Ауған жеріне Кеңес үкіметі өз әскерін кіргізеді. Ал 26 желтоқсанда соғысқа кезекті жауынгерлерді жіберу үшін Оңтүстік Қазақстан облысы, Келес аудан орталығында Қазақстан, Өзбекстан азаматтарын жинайды, оның ішінде дәрігерлер де бар еді. Міне сол жерде екі дос тағы кездеседі. Алғашқылардың бірі болып Ауған соғысына аттанады. Тікелей қолдарына қару алып соғыспаса да әскери сан-эпидемиология сапында қызмет етеді. Сайдулла аға лабораториялық зерттеу жұмыстарын жүргізсе, Ибрагим аға хирургтың міндетін атқарады.

Сайдулла Нұрақұлы: - Жұма күні болатын.



Д.И.Ивановский атындағы вирусология ғылыми зерттеу институтында кіші ғылыми қызметкер болып жұмыс істеп жүрген кезім. Жұмыстан қарын ашып, шаршап келгенмін. Әйелім кешкі асқа палау дайындаған екен. Дастархан жайылып енді тамаққа отыра бергенімізде есіктің қоңырауы шырылдады. Есікті ашсам әскери киімдегі адамдар тұр. Мені военкоматқа шақыртып жатқанын айтты. Өзіммен бірге әскери билет пен төлқұжатымды ала жүріміз етті. -Арттарыңыздан барамын, жүре беріңіздер - дегеніме, төменде такси күтіп тұрғанын және бірге жүру керектігін жеткізді. Солай үйден шығып жүре бердім - деп еске алады.

Ал Ибрагим Ағаұлы Ташкент медицина институтында оқытушы болып қызмет атқарып жүрген кезі. Жұмыс уақытында үйіне бармастан Ауғанға аттанады. Қайда? Не үшін? Анығын ешкім білмейді. Дәрігерлер әскери міндетті болып саналады. Мемлекеттің тапсырмасы екенін ғана білетін Сайдулла мен Ибрагим ағалар Ауғанға келіп жеткенде ғана қайда келгендерін бірақ біледі.

Ибрагим Ағаұлы: - Айнала тау. Палаткада жатамыз. Совет мемлекеті салып берген жалғыз тас жол бар. Одан тоқтамай екі жаққа әскери машиналар ағылып жатады. Сол кезде Ауғанстанның өмір сүру деңгейі орта ғасырлық дәрежеде еді. Талибандар таудың басында, Кеңес әскері сол таудың етегінде жүріп соғыс жүргізеді. Тек әскери ұшақпен бомбаламаса, төменнен атқан оқтар оңайлықпен оларға жетпейді. Ал олардың таудың тасасында тұрып атқан оқтары талай кеңес сарбаздарын жалмады. Бірде үш дәрігер болып өзіміздің аумақта жүрген едік. Мен жәймен артта жүріп келе жатқаным. Дәл алдымнан бір дыбыс естілді де менен жанап өтіп, 1 метрдей жерге бірдеңе түсті. Алып қарасам оқ. Маған оқталған сол оқты көпке дейін сақтап жүрдім - деп еске алады, - Алғашында Ауғанда 2 жыл боласындар деген еді. Кейін арнайы мамандандырылған офицерлер келген соң біздерді қайтарды. Біз кадрлық офицер емеспіз. Қазір ойлап отырсам палаткада жатамыз, бір талибан білдірмей келіп автоматпен қырып кетуі мүмкін екен.

Бір ажалдан Ибрагим аға аман қалады. Дәл осындай жағдай Сейдулла ағаның да басынан өтеді.

Сайдулла Нұрақұлы: - Тауда орналасқа Иман

Сахыб деген жерден жедел жәрдем көлігімен барып келе жатқанбыз. Әскер қай жерде соғыс жүргізеді солардың артынан жылжып отырамыз. Қыстың күні. Алды, артымызда БТР машинасы қорғап, жол бастап жүреді. Жолда бізді тексеру үшін тоқтатты. Мен офицер болғандықтан тексермейтін болды да көлікте қалдым. 3 көліктегі оннан астам жауынгерді тексеру біраз уақытты алды. Жалғыз отыра бермейін деп сыртқа шыққаным сол еді, жедел жәрдем машинасына оқ жаудырылды. Жедел жәрдем көлігі шұрқ тесілді. Тәуба деймін, 5-10 минут кешігіп шыққанымда мен тірі қалмас едім.

- Сол жылдары есте қалған тағы бір көрініс, үйден ашылған жеке адамның дүкені болды. Иран мен Пәкістанның шекарасы ашық, тауар алып келеді екен. Дүкенде бізде қолға түсе бермейтін небір тауарлар бар. Совет үкіметінің 10 рублін ғана қабылдайды. Мен сол кезде жеке дегенді алғаш рет көрдім. Елімізде дүкендер, емханалар барлығы да мемлекеттік еді ғой. Бізде де осындай жеке-ленген дүкендер болады деп сол кезде айтылған еді. СССР тарағаннан кейін ғана елімізде жеке деген пайда болды. Ауғандардың өмір-сүру салты, сол кездегі өмірлері қарама-қайшылығымен таңқалдырды - деп еске алады ардагер.

Ия, тағдырлары өте ұқсас достар. Айналырған екі айдың ішінде екеуі де ажалдан аман қалады.

- Расында да қаншама қыршының өмірін жүлған ауған соғысы кімге керек еді? - деген сұраққа Ибрагим Ағаұлы:

- Сол кездері бізге саяси сабақ өтетін. Сабақ етіп тұрған орыс әйелі: «Бұлар да шуылдайды да қояды. Куба, Болгарлар да шуылдады да қойды. Ол елдерде социализм орнаттық. Ауғаныстан да соның бірі» - деп шәңкілдеген дауысы әлі есімде. Бұл жоспарлары іске аспады. Кеңес үкіметінің жеңілісі алғашқы алған шапалағы болды. Содан экономика кері кете берді. Ауған соғысы Кеңес дәуірінің күйреуінің басы болды - деген ойымен бөлісті.

Елге оралған ағаларымыз бейбіт күннің тіршілігіне қайта кіріседі. Шымкент медицина академиясында қызмет атқарып жүрген Сайдулла Нұрақұлы оқу ордамыз 2009 жылы медицина факультетіне жұмысқа шақырылады. Осылай Түркістанда екі дос қайта кездеседі. Содан бері студенттік шақта басталған достықтары нығая түскен. Жеті баланың әкесі Ибрагим аға мен үш баланың әкесі Сайдулла ағаның қарым-қатынастары туыстыққа ұласқан. Қазіргі таңда Медицина факультеті, «Адам морфологиясы және физиологиясы» кафедрасында дәріс оқып жүрген ғалым ағаларымыздың екеуі де медицина ғылымдарының докторы, профессор. 2016 жылы Сайдулла Жұмашов «Сабыр Рахимов» орденімен, ал Ибрагим Ишигов «Батыр шапағаты» ордендерімен марапатталып, 2017 жылы «Алтын жүрек» сыйлығына ұсынылды.

Міне, Ауған соғысының аяқталғанына 28 жыл өтті. Өрбір сәті қорқыныш пен үрейге толы 10 жыл артта тарих болып қалды. Сол кездегі әскерге алынған жас жігіттеріміз қазір ардагерлер. Тарихтың тірі куәгерлері, алапат күндердің бір үзік сырымен бөлісті. Әскери дайындығы жоқ қан-шама жас, бейбіт күнде соғысқа барамыз деп ойлаппа? Артта қалған ата-ана, бауыр, бала-шаға, сүйген жардың жаны шүберікке түйіліп, тілеумен өткен күндерді сірә, сөзбен жеткізу мүмкін емес шығар.

Эльмира АРТЫҚБАЕВА

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

МАҚСАТ – ТУҒАН ӨЛКЕ ТАБИҒАТЫН ТҮЛЕТУ

Бір айдан бері Президент Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы елімізде қызу талқылану үстінде. Ауыл-селоларда, еңбек ұжымдарында, білім ордаларында Елбасының атаулы еңбегі тұрғысында сан қырлы ой-пікірлер айтылуда. Қазақ қоғамында рухани сілкініс бар. Біз мұны күнделікті тыныс-тіршілігімізден айқын аңғарып жүрміз. Эколог-ғалым ретінде маған Мемлекет басшысының төмендегі жазбалары айрықша әсер еткенін айтуды жөн көріп отырмын:

Елбасы халқымыз ғасырлар бойы туған жердің табиғатын көздің қарашығындай сақтап, оның байлығын үнемді, әрі орынды жұмсайтын теңдесі жоқ экологиялық өмір салтын ұстанып келгенін тілге тиек ете келе, тек өткен ғасырдың ортасында, небәрі бірнеше жыл ішінде миллиондаған гектар даламыздың аяусыз жыртылғанына тоқталады. Осылайша, Ұлы Дала табиғаты танымастай өзгерістерге ұшырады. Ас та тек ысырыпшылық етек жайды. Кең-байтақ даланың құнары құрдымға кетті. Түгін тартсаң майы шығатын мыңдаған гектер миялы жерлеріміз экологиялық апат аймақтарына, Арал теңізі аңқасы кепкен қу медиен шөлге айналды. Осының бәрі – жерге аса немқұрайлы қараудың ащы мысалы. «Біз, - дейді Елбасы, - жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек». Ізгі қасиеттерді қайта түлету жайына келер болсақ, оның бастауында қоршаған ортаның тазалығы, таза ауа, таза су, экологиялық таза азық-түлік болуы тиіс. Демек, туған өлке табиғатын түлетуіміз керек. Осы орайда университет жанынан жылы құрылған «Экология» ғылыми-зерттеу институты еліміздің Оңтүстік өңіріндегі экологиялық мәселелерді шешу бағытында жұмыс жүргізіп келеді. Нақтылап айтар болсақ, институттың ғылыми-зерттеу жұмыстары «Табиғи минералдар мен техногенді қалдықтарды өңдеу негізінде ресурстарды үнемдеу және тиімді пайдалануға бағытталған биотехнологиялық және басқа да әдістермен табиғатты қорғау шараларын жасау» тақырыбы аясында кең өріс алған. Қазақстанда химиялық өнімдерге экологиялық сараптама тек біздің институтымызда ғана жасалауда. Институт келісім-шарт негізінде өртүрлі өндіріс салаларына қатысты ғылыми жұмыстар мен экологиялық нормативтер жобаларын жасауды іске асыруда. Бұл жұмыстардан университет кассасына 30 миллионнан теңгеден астам қаржы түсті. Осы орайда институтта ғылыми-зерттеу жұмыстары төмендегідей төрт

ғылыми бағытта жүргізіліп отырғанын айтуға тиіспіз: бұлар – экологиялық және қоршаған ортаны қорғау; жасыл технологиялар; биотехнология



(вермикултура, ремедиация, т.б.); Оңтүстік өңірінің тарихи-әлеуметтік дамуы. Өздеріңіз аңғарып отырғандай, ұжымның ғылыми-тәжірибелік қызметінің негізгі бағыттарында қоршаған ортаны түлету мен қалпына келтіруге, табиғи ресурстарды тиімді әрі кешенді түрде пайдалануға, биологиялық алуантүрлілікті сақтауға, тұрғындар денсаулығын сауықтыруға экологиялық тұрғыдан жағдай туғызуға, тарихи-мәдени және архитектуралық ескерткіштердің сақталуына қатысты жұмыстар негізге алынды.

Институт СТРК МЭК 17025-2007 стандартына сәйкес «Экологиялық бақылау және химиялық талдау» зертханасын аккредиттеуден жоғары деңгейде сәтті өтті. 53-тен астам шаруашылық келісім-шарттармен республиканың түрлі өндіріс орындарына мониторинг, экологиялық тәлқұжаттар мен жобалар жасау сияқты ғылыми-практикалық жұмыстар атқаруда. Осы орайда институт ғалымдарының экологиялық сараптама, ауа атмосферасын тазалау, мониторинг, құрылыс материалдарын шикізат қалдықтарының алу, технологиялық үрдістерін аз немесе қалдықсыз технологияларын жасау арқылы тауарлық өнімдер алу, топырақты зиянды қалдықтар мен ауыр металдардан детоксикациялау әдістерін жасау, Ұлы Жібек Жолы бойындағы тарихи ескерткіштерді қорғау, дәрілік-профилактикалық биологиялық белсенді заттарды жасау, төрт түлік малды өртүрлі аурулардан емдеу бағытында ауқымды жұмыстар жүргізіп отыр. Сондай-ақ ұжым ғалым зерттеушілері Оңтүстік өңірдегі экологиялық зардаптарды азайту мақсатымен тынбай жұмыс атқаруда. Институт келісім-шарт

негізінде өндіріс салаларына қатысты ғылыми жұмыстар мен экологиялық нормативтер жобаларын жасауды іске асыруда. Нақтылап айтар болсақ, Қазақстанның бірқатар аймақтарында, оның ішінде Түркістан, Отырар аудандары да бар, өндірістің қоршаған ортаға тигізетін әсерін бағалау және нормативті құжаттардың жобаларын жасау. Түркістан, Кентау қалаларына және Түркістан ауданына қатысты экологиялық тәлқұжаттар жасауға бағытталған зерттеулер жүргізілуде. Экология ғылыми-зерттеу институтының теориялық және тәжірибелік жұмыстарының базасында төмендегідей ғылыми негізделген технологиялар жасалған: жоғары сапалы вермикомпост және калифорниялық құрттардың биомассасын алудың әлемдік деңгейдегі белгілі әдістермен (ұзақтығы 4-6 ай) салыстырғанда жылдамдатылған вермикомпост. Алынған құрттардың биомассасы ветеринария мен медициналық практикада құстар мен жануарларға профилактикалық, емдік және үйлестірілген тағамдық азық-жемдері ретінде қолданылатын жаңа биологиялық белсенді препараттардың негізі бола алады. Күкірт қышқылы зауытының күкірт-перлит құрамдас қалдықтары, вермикомпост, ауылшаруашылығының қалдықтарын кәдеге жаратылған өнімдері негізінде түсімі аз топырақтың биологиялық және физикалық-химиялық қасиеттерін жақсартатын жаңа тыңайтқыш-мелиоративтік құрам әзірленеді (ҚР инновациялық патенті алынды, Халықаралық патентке өтінім берілді). Препарат өсімдіктердің өсімі мен дамуын бейімдейтін қасиетке ие. Сонымен қатар, мұнаймен, ауыр металдармен және басқа да экотоксиканттармен ластанған топырақтарды детоксикациялауға жағдай жасайды, ауыл шаруашылығының экологиялық таза өнімдерін алуға мүмкіндік береді.

Жасалынған тыңайтқыш – мелиоративтік құрам далалық жағдайда сынақтардан өтуде (университеттің ботаникалық бағы және агро өнеркәсіптік кешендердің өртүрлі шаруа қожалықтары). Химия өнеркәсібінің күкірт-перлит құрамдас қалдықтары мен ауыл шаруашылығының қалдықтары негізінде белгілі әдістерден ерекшеленетін бірқатар құрылыс материалдарының рецептуралары жасалынды (ҚР инновациялық патенті алынды, Халықаралық патентке өтінім берілді). Қазіргі кезде «СКЗ-У» ЖШС (Жаңақорған ауданы, күкірт қышқыл зауыты) базасында құрылыс материалдарының өндірісі бойынша зауытты ұйымдастырудың бизнес-жоспары жасалынуда.

Ғылыми-зерттеу институты қызметінің негізгі бағыттарын жүзеге асыру үшін төмендегідей міндеттер алға қойылған: - зерттелетін мәселелерді іске асыру үшін дамыған ғылыми орталықтар және жетекші институттармен қарым-

қатынастарды ұйымдастырып, нығайту; - қолданбалы зерттеулерді дамытуға үлес қосуға мүмкіндіктері бар өртүрлі өнеркәсіп саласындағы ірі кәсіпорындармен серіктестікті нығайта отырып, институттың ғылыми-зерттеу жұмысының ауқымын кеңейтуге инвестиция тарту;

- грантқа, конкурсқа және тағы басқа шараларға қатысу белсенділігін жоғарылату негізінде ҒЗЖ-ның қаржыландыру көлемін ұлғайту;

- ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоғары деңгейде жүргізу үшін институтқа білікті кадрларды шоғырландырумен қатар заманауи құрал-жабдықтармен зертхананы қамтамасыздандыру арқылы материалдық-техникалық базаны нығайту;

- докторанттар, магистранттар мен бакалаврларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына тартып, олардың өнеркәсіп саласында, агроөнеркәсіп пен мал шаруашылық кешендерінде орын алған мәселелерді шешуге бағытталған нақты тақырыптармен жұмыс істеулеріне жағдай жасау;

- алынған ғылыми нәтижелер негізінде монографиялар жазу және шет елдегі импакт-факторлы журналдарда ғылыми мақалалар шығару;

- жастардың қатысуымен семинар-тренинг, конкурстар және экологиялық саясат, мәдениет пен тұрақты даму саласына қатысты мақалалар ұйымдастыру.

Ғылыми-зерттеу институтының әлеуеті жыл өткен сайын артып келеді. Ғалымдардың жетекшілігімен 2 докторлық, 3 кандидаттық және 15 магистрлік диссертация қорғалды, 2 магистрлік жұмыс қорғауға дайын. Институт жоғарыда аталған бағыттар бойынша 6 патент алды, 150-ден астам ғылыми мақалалар жариялады, оның ішінде халықаралық реценцияланатын Thomson Reuters және Scopus базаларының журналдарына 10- нан астам мақала жарық көрді. Қазіргі таңда ғылыми-зерттеу институтының қызметкерлері Республика Білім және Ғылым министрлігімен қаржыландырылатын 5 гранттық ғылыми жоба бойынша жұмыс істеуде. Ресей, Түркия және басқа да елдердің ғылыми орталықтарымен және ғалымдарымен тығыз байланыста.

Мемлекет басшысы рухани жаңғыруды өзек еткен мақаласында еліміздің көптеген өңірлерінің экологиялық апат аймақтарына айналғанын ашып айтты. Еліміздің Оңтүстігіндегі Түркістан, Кентау, Отырар, тағы басқа өңірлер экологиялық зардап шеккен аймақтар болып саналады. Ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары мен қызметкерлерінің басты мақсаты – туған елдің табиғатын түлету болып табылады.

А. АҚБАСОВА, «Экология» ғылыми-зерттеу институтының директоры, техника ғылымдарының докторы, профессор

ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ ЖУРНАЛИСТЕРІ БАС ҚОСТЫ

Университеттің мәдениет орталығында «Түркістан — түркі әлемінің мәдени астанасы» шарасы аясында «Түркі әлемі және ақпараттық кеңістік» тақырыбында

Халықаралық журналистер форумы өтті.

Ғылыми жиынға Бельгия, Түркия, Қырғызстан, Әзірбайжан, Башқұртстан, Өзбекстан, Татарстан мен басқа да

түркі тілдес мемлекеттердің жетекші БАҚ басшылары мен журналистері қатысты.

БАҚ өкілдері Оңтүстік облысының тарихи жерлерімен танысты. Қонақтардың бұл сапары Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласындағы «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары», «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» туралы айтқан рухани идеологиясымен сәтті үйлесімділік тапқанын да айта кету керек.

Түркі әлемінің ортақ ақпараттық кеңістігін құру мақсатында өткен форумға Халықаралық Түркі Академиясының президенті, «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы, профессор Д. Қыдырәлі ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрі Д. Абаевтың жолдаған құттықтау хатын оқып берді.

Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Ж. Түймебаев құттықтау сөз сөйлеп, форум жұмысына сәттілік тіледі. Сондай-ақ, түркі елдерінің

рухани байлығын молайтуға қосқан үлесі үшін Халықаралық Түркі академиясының президенті Д. Қыдырәлінің «Оңтүстік Қазақстан облысына сіңірген еңбегі үшін» медалімен марапаттады.

Түркі мәдениетін және өнерін дамыту Халықаралық ұйымының (ТҮРКСОИ) Бас хатшысы Дүйсен Құрабайұлы журналистерге шығармашылық табыс тілеп, түркі әлемінің жетекші БАҚ басшыларын ақпарат саласында сіңірген еңбектері үшін Исмаил Гаспыралы атындағы Медиа сыйлығымен марапаттады.

Форумда Ақпарат алмасу мәселелері туралы, Түркі елдеріне ортақ телеарна құру туралы аталатын тақырыптар төңірегінде пікір алмасты.

Рухани астанамыз Түркістан қаласы – Түркі әлемінің нағыз алтын бесігі ретінде биік белестерді бағындырып, мақсаты ортақ, өз үні бар зиялы тұлғалар мен кәсіби журналистерді шоғырландырады.

АҚПАРАТ ОРТАЛЫҒЫ



БОЛАШАҚҚА БАҒДАР

Президент Н.Назарбаев жыл басындағы халыққа Жолдауында Қазақстанның үшінші жаңғыруы басталғанын жария етті. Осылайша, әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылуға бағытталған айқын мақсат жолындағы қайта түлеудің айрықша маңызды екі процесі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыру қолға алынды.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірде «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру атты» мақаласын ұлттық рухани өсіп-өркендеуіміз бен кемелденуіміздің бағдарламасы деп қабылдаған жөн.

Үшінші жаңғыру мен бағдарламалық мақаланы арасында бір-бірін толықтырып тұрған тығыз байланыс бар. Елбасы жазғандай, «Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады». Сондықтан кемел ойлы Президент еліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас ел болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы ой-пікірлері мен көзқарастарын ортаға салуды жөн көреді.

Мақаланы көзі қарақты, көкірегі ояу әрбір жанның оқуы керек. Көз жүгіртіп қана, жылы жауып қоя салуға болмайды. Жан-жүрегіміз түйсініп, әлденеше рет қарап шыққан жөн. Өз ұлтын сүйген, елін-жерін аялайтын жан осылай етсе керек! Олай дейтініміз, Елбасы ең алдымен XXI ғасырдағы ұлттық сананың қырлары тұрғысындағы философиялық тұжырымдарын ұсына отырып, жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу екенін



академиктер, ақын-жазушылар, сан алу-

есімі берілуі бүкіл түркі дүниесінде үлкен құбылыс, тарихи оқиға болды. Арадан бір жылдан астам уақыт өткенде Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Түркия Республикасы Үкіметі арасындағы Келісім бойынша Түркістан Мемлекеттік университеті түркі әлеміндегі тұңғыш Халықаралық қазақ-түрік университеті мәртебесін алды. Қазір бұл білім ордасы Орта Азиядағы іргелі оқу орындарының бірінен саналады.

Президент мақаласында сананың ашықтығы тұрғысында сөз қозғай отырып, жер жүзіндегі миллиардтан астам адам өзінің туған тілімен қатар, кәсіби байланыс құралы ретінде жапатармағай оқып жатқан ағылшын тілін біздің де жаппай және жедел үйренуіміз керектігі еш дәлелдеуді қажет етпейтініне баса назар аударады.

Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру таяу жылдардағы міндеттер аясындағы басты жобалардың біріне айналып отыр. Елбасы мақаласында латыншаға көшудің логикасын алға тарта отырып, бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ XXI ғасырдағы ғылым мен білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты болып отырғанына көңіл аударады.

Елбасының бағдарламалық еңбегінде қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасына айрықша мән берілген. Бұл жас ұрпаққа жаңа сапалық деңгейде білім беруге батыл бетбұрыс жасап,

отырған ұлт асылдары. Өзінің «Даналық кітабымен» әлемге танылған әулие баба Қожа Ахмет Ясауидің есімін Түркістаннан немесе Түркістанды Ясауиден ажыратып қарау мүмкін емес. Ұлы ақын-әулиені рухани көсем санаған мұсылмандар тоғыз жүз жылдан бері оның ілімімен бірге жасап келеді. Бұл жөнінде Қазақ елінің Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Тарих толқынында» атты кітабында ағынан жарыла былай деп жазды: «Түркістаннан тараған аса қуатты рухани сәулемен нұрланған түркілердің тұңғыш сопысы – Қожа Ахмет Ясауи 1093 жылы туған. Ол негізін қалаған исламның тылсым құпиясы – сопылықтың (суфизм) қарапайым халықтық нұсқасы тез уақытта Қазақстанның солтүстігі мен шығысына дейін тарады. Қожа Ахмет Ясауи Орталық Азиядағы, оның ішінде Қазақстанда да, барлық түркі халықтарына ұлттық рухани ілім жүйесін өрнектеп берді...»

Түркілердің өмірлік, практикалық философиясын құраған салдар ретінде Ясауидамада төңірілдік элементтері өздерінің мағынасын сақтап қалды. Нақ осы Ясауи ілімі арқылы ислам қазақтардың рухани өмір салтына айналды да, кейінгі сегіз ғасырдың өн бойында соларды жебеп келді. Қазақ хандығы мен қазақ халқы құрылғанда, солардың бастау бұлағында осы ілім тұрды. Егер қазақтардың рухани тарихы жазыла қалса, Қожа Ахмет Ясауидің хикметтері («Даналық сөздері») сөзсіз оның бір бөлігі болып кіруге тиіс. Ясауидің

МӘНГІЛІК ЕЛДІҢ АЛТЫН АРҚАУЫ

айтады. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан-қиынырып, жарыстыра алатын құдіреті мен маңыздылығына тоқталады. Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғымдасы екенін шегелеп тұрып тұжырымдайды. Бұл дегеніңіз ұлан-байтақ жердің иесі – әр қазақтың жан-дүниесіндегі «Мәңгілік ел» ұғым-түсінігінде іргетасы, тұғыры болса керек! Сөз орайы келгенде Елбасының «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауында тебіреніспен айтқан төмендегі жолдары кезінде әркімнің-ақ жүрегінен орын алғаны ақиқат еді: «Қадірлі халқым! Біз жалпыұлттық идеямыз – Мәңгілік елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылы Нұрлы Жолға айналдырдық. Қажырлы еңбекті қажет ететін, келешегі кемел Нұрлы Жолда бірлігімізді бекемдеп, аянбай тер төгуіміз керек. Мәңгілік ел – елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. Ол «Қазақстан-2050» Стратегиясының ғана емес, XXI ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры!».

Мемлекет басшысы еңбегінің ең басты идеясы – Мәңгілік Қазақ елінің рухани тұғырын негіздеп, алтын арқауын ширата түсу. Міне, бұл жөнінде мақаланың бірінші бөлімінде бәсекеге қабілет, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы және сананың ашықтығы тақырыпшаларымен берілген Президент жазбалары терең толғамдарымен қалың оқырманды тәнті етеді. Еңбектің екінші бөлімінде Қазақ елінің алдында тұрған таяу жылдардағы міндеттер нақты сараланады.

Президент мақаласы еліміздің бас басылымы – «Егемен Қазақстанда» жарияланғаннан кейін газет беттерінде еңбек төңірегінде толғамды ой-пікірлер, үнқатулар үзбей жариялана бастағаны белгілі. Біздің талай жылдардан бергі ғылыми бағытымыз ұлттық идентификация, ұлттық бірегейлік, ұлттық бәсекелестікке қабілеттілік пен ұлттық пара-парлыққа ұмтылыс мәселелері болғандықтан да Елбасы тұжырымдап отырған ұлттық жаңғыру тақырыбының жанымызға қаншалықты жақын екендігі айтпасқа та түсінікті. Оның үстіне Президент жайлы жазылған «Ұлы Дала генераторы» атты кітабымызда бірқатар ұлттық мәселелерді көтеруге тырысқан едік. Елбасы жайлы мақалаларымыз республикалық газет-журналдарда, шетел басылымдарында жарияланып келеді.

Елбасының бағдарламалық мақаласы төңірегінде сөз қозғаған қоғам және мемлекет қайраткерлері, Парламент Мәжілісі мен Сенатының депутаттары, мәдениет және өнер қайраткерлері, министрлер,

ан мамандық иелері рухани жаңғырудың сан алуан қырлары хақында толғаныс-тебіреніспен жарыса баяндаумен келеді. Олардың жүрекжарды ой-пікірлері, ұсыныс-тұжырымдары құрметке лайық. КСРО халық әртісі, Қазақстан және КСРО Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты, қазақтың тау тұлғаларының бірі Асанәлі Әшімов мақаланың терең мәніне ой жүгірте отырып, нақты ұстанымен ортаға салады. Ұлттық өнер академиясындағы өзі дәріс беретін қырық студентке мақаланы оқып шығу жөнінде тапсырма бере отырып, алдағы үш күнде бұл еңбек бойынша сынақ қабылдайтынын ескертеді. Міне, бұл дегеніңіз шәкірт тәрбиелеп жүрген әрбір ұстаз тәлім алар рухани тәрбиенің ізгілікті үлгісі болса керек.

«Айқын» газетінің бас редакторы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұртөре Жүсіп «Елбасының ұлттық идеясы» деген толғау мақаласында «Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қазіргі қазақ қоғамының алдына өте үлкен, айрықша маңызды мәселелерді қойды. Абай өзінің әйгілі «Қарасөзі» арқылы қазақты XX ғасырға даярласа, Нұрсұлтан Назарбаев ел-жұртты XXI ғасырға даярлаудың жолын нұсқады. Өте қуатты, жасампаздық пен жігерге толы мақала» деп ағынан жарыла келе, «Елбасының мақаласын барша қазақ баласы жата-жастана оқуы, ой тоқуы, бел буып, білек түрініп, жүзеге асыруға жаппай атсалысуы тиіс деп есептеймін» деп жазады.

Президент мақаласындағы білімінің салтанат құруы жөніндегі тұжырымдары ұстаздық жолда жүрген біздің ерік-жігерімізді қайрап, құлшындыра түсті. «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек, - дейді Елбасы. - Жастарымыз басымдық беретін мәселелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді». Қай заманда да оқу-білімнің мәртебесі биік болған. Мұны қазақ ұлылары зерделей білген. Он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысында Ыбырай ата «Кел, балалар, оқылық...» деп Ұлы Даланы қоңыраулатып. Қазақтың ұлы ойшыл ақыны Абай халқын білімді болуға үндеп кетті. Осынау ұлылардың арман-аманаты орындалды десек те болады. Қазіргі қазақтың көкірек-көзі ояу, жаппай сауатты елміз. Тәуелсіздік жылдарында білім саласында құруар жұмыс жасалды. Бір ғана мысал. Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Жарлығымен 1991 жылғы 6 маусымда аудан орталығы болып келген шағын шаһарда Түркістан Мемлекеттік университетінің ашылып, оған ұлы ақын және ойшыл, алғашқы түрік ислам сопысы Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың

білім саласындағы жаһандық бәсекеге неғұрлым бейімделген мамандарды даярлау деген сөз.

Мемлекет басшысы мақаласында «Туған жер» бағдарламасы мен «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасын жасауды тапсырды.

Елбасы «Туған жер» бағдарламасы жалпыұлттық патриотизмнің нағыз өзегіне айналатынына кәміл сене отырып, Қазақ елін мекендейтін әрбір жанның бойындағы туған жерге деген сүйіспеншіліктің Туған елге – Қазақстанға деген патриоттық сезімге ұласатынын қадап тұрып айтты. Әрбір қазақстандық өз елінің патриоты болуға міндетті. Патриотизм өз тарихы мен тамырын білумен тікелей байланысты болса керек.

Ұлы Дала көшпенділерінің аса бай рухани тарихы бар. Әрбір халықтың баршаға ортақ қасиетті жерлері болады. Осы тұрғыдан келгенде Елбасы «Идеяның түпкі төркіні Ұлытау төріндегі жәдігерлер көшенін, Қожа Ахмет Ясауи мавзолейін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды меңзейді» деп ежелгі тарихи жәдігерлерімізді тілге тиек ете келе, мұның бәрі тұтаса келгенде халқымыздың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін құрайтынын айтады. Президент «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасын әзірлеу барысында ішкі және сыртқы мәдени туризмді өркендету мақсатымен осы қастерлі мұраларға сүйене отырып, мәдени маңыздылығы тұрғысынан келгенде Түркістан мен Алтайдың ұлттық немесе құрлықтық қана емес, жаһандық ауқымдағы құндылықтар екеніне айрықша мән беруді тапсырды.

Адамзат баласы тарихындағы түркі әлемі деген қастерлі ұғымның түпқазығы, рухани шаңырағы ұлы бабамыз Қожа Ахмет Ясауидің отаны – қасиетті Түркістанда хабалар рухы жаңғырып жатыр. Қазақ хандығының астанасы болған ежелгі Түркістан – тегі бір, ділі бір, діні бір күллі түркі халықтарының Атажұртында басын қосып, рухын асқақтатын руханият орталығы, рух астанасы. Кезінде «Дін - апын» деген қағида ұстанған Кеңес өкіметінің тұсында Ясауи бабамыздың кесенесі де, Түркістан қаласы да «өгейлік» көрді. Кеңестік империя идеологиясы ұлт перзенттеріне байланысты сыңаржақ көзқарас қалыптастырғанымен, халық жанынан тарихи ақиқатты өшіре алған жоқ. Соңғы деректерге сүйенер болсақ, қазақ халқының Түркістанда жерленген хандары мен билерінің, даңқты батырларының жалпы саны 130-дан асып отыр. Олардың 21-і хандар, қилы кезеңдерде таққа

ұстазы Арыстанбабтың Отырардағы кесенесі мен Қожа Ахмет Ясауидің Түркістандағы кесенесі – қазақтардың ұлттық руханиятының аса маңызды орталықтары. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі қазақ мемлекеттігінің нысанына айналып, кейінгі уақытта жалпыұлттық зиятқорым (пантеон) қызметін атқарды. Қазақ халқының ұлы перзенттерінің мүрдeleri осы жерде сақтаулы. Сондықтан осынау тамаша ескерткішті қалпына келтіріп, бас біріктіретін ортақ кіндікке бүкіл ұлттың назарын аударып отырғанымыз дұрыс».

Түркістанды өзінің тарихи орнына сәйкес биікке көтеру бүгінгі басты міндет болып табылады. Алдағы кезде республика Үкіметі алдына қойылған күрделі мәселелер аз емес. Соның бірі – Түркістан қаласына айрықша мәртебе беру мәселесі. Бұл – жұртшылықтың көптен бері көтеріп келе жатқан сұрауы. Екіншісі – Түркістан мен Кентауға экономикалық аймақ құқығын беру қажеттігі. Түркістанның 1500 жылдық юбилейі қарсаңында осы мәселелердің шешілетініне халықтың сенімі күшті еді. Өкінішке қарай, республиканың ол кезде экономикалық дағдарысты бастан кешіруі бұл проблемаларды жүзеге асыруға мұрша бермеді. Қазіргі кезде Қазақстанның экономикалық қуаты өрлеуге бет алып келеді. Осы жағдайды есепке ала отырып, Түркістан қаласына айрықша мәртебе беру мен Кентауды қосып еркін экономикалық аймақ деп жариялауға мүмкіндік бар. Түркістанды болашақта халықаралық туристік орынға айналдыру үшін жаңадан қонақүйлер, бассейндер, фонтандар салу, жолдарды түзету, аймақты көгалдандыру, орта және кіші кәсіпкерлікті дамыту, тарихи адамдардың ескерткішін тұрғызу, парктар мен бақтарды көркейту, оның аумағын абаттандыру үшін жоғарыда аталған шараларды жүзеге асыру қажет. Сондай-ақ қасиетті Түркістандағы «Өзірет Сұлтан» қорық мұражайының гүлдене түсуіне тиісті министрлік қамқорлық жасап, нақты көмек көрсетіп отырса, іс алға басар еді. Қазір киелі Түркістанда классикалық философиялық, археологиялық, тағы да басқа бағыттарды кең өріс алдыру үлкен маңызға ие екенімен ешкім де дауласа алмайды. Бұған білім ордасының ғалымдары өз үлестерін қосуға дайын. Олай дейтініміз, ғылыми әлеует бар. Бір таң қаларлығы сол, күні бүгінге дейін Ахмет Ясауи терең зерттелмеген, ұлы ғұламаның жеке өмірі, тарихы жөнінде там-тұмдап қана білеміз. Ясауи музейі қажет-ақ. Сондай-ақ осында жерленген хандарға, батырлар мен билерге арналған ашық аспан музейін іске қоссақ, қала мәртебесінің биіктей түсері сөзсіз. Осы орайда мына мәселелерге де баса назар аударсақ нұр үстіне нұр болар еді.

(Соңы 5-бетте)

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ОЙ САНАНЫҢ КЕМЕЛДЕНУІ

Рухани жаңғыру – қазақстандықтардың салт-санасы мен дүниетанымын өзгертетін қозғаушы күш. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың мақаласын оқып шығып, осындай ой түйдім. Оның айтуынша, бұл ұлттық құндылықтарымызды ұмытпай, жаһандық жаңашылдыққа жетелейтін жол. Қазіргі қоғам көзқарасы қалыптасқан зерделі де, зерек тұлға тәрбиелеуі тиіс. Ол үшін ілім-білімге ұмтылып, жан-жақты жетілген жөн.

Аймағымыздағы келер ұрпақтың алдындағы ардың ісін арқалап жүрген зиялы қауым Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын ықыласпен түйсіне оқығаны анық. Олай дейтінім, мақалада «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» деген жолдардың астарында үлкен мағына жатыр. Шынында да рухы биік азаматтары бар елдің іргесі мәңгілік болары хақ.

Елбасының жыл басындағы халыққа Жолдауында Қазақстанның үшінші жаңғыруы басталды деп жарияланды. Қайта жаңғырудың екі процесі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға алып жатырмыз. Осы жұмыстарды жүзеге асыру үшін әрқайсымыздың санамыз ісімізден озып жүруі, одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс, делінген мақалада. Шынығында ұлттық рухы, руханияты жоғары, мәдениеті озық ел көп нәрсеге қол жеткізетіні анық. Ұлттық бірегейлікті сақтау ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін қажет етеді. Елбасы ұлттық мәдениетті сақтай отырып жаңғыру және ұлттық дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту қажет екенін қазақстандықтардың түсіне білуі керек екендігін баса айтады. Мақаладағы «Туған жер» бағдарламасын қолға алу ұсынысы жас ұрпақты тәрбиелеуге дәл және уақытында айтылған нақты тапсырма деп білемін. Әрбір адамның жүрегінде кіндік қаны тамған жеріне, өскен ауылына, туған жеріне деген сүйіспеншілік, құрмет болмайынша – Отан деген Ұлы ұғымға адал қызмет ету, жан дүниесімен беріле сую екіталай.

«Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де, бізді кез келген рухани жұтандықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы», – делінген мақалада.

Мақалада: «Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек», – делінген.

Расында, жастайынан дін мен дәстүрімізді, тағылымды тарихымызды оқып, сусындап өскен ұрпақ теріс ағымдар мен жат мәдениеттің жетегінде кетпейді. Салт-дәстүрі мен тарихына ерекше мән берген елдің тұғыры биік, іргесі берік болмақ.

Неғұрлым тұтастыққа жету үшін елді айшықтап тұрған ұлттың танымдық, тәрбиелік маңызына бай әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері қажет. Кез келген халықтың өзінің төлтұма рухани құндылықтары мен ізгі қасиеттері ғана біріктіре алады. Елбасы мақалада осы ұстанымды айқын көрсетіп берді:

«...Жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады...Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу».

Бұл – тектен текке айтыла салынған жүрек қалауы емес, бүгінгі өркениетті, озық технологиялы, жаһандық ықпалдасудан, керек десеңіз, түрлі қауіп-қатерден қорғану жолы. Осы орайда ұлттымыздың белгілі ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының: «Қасыңнан да, досыңнан да бірдей сақтан», – деген сөзі ойға оралады. Сақтанудың басы – өзіңе қатысты рухани құндылығыңды түгендеп, кейінгіге мұра етіп қалдыру.

Әр халық ел болып ғұмыр кешуі үшін жастардың санасына ұлттық құндылықтарын сіңіріп, рухани болмысымен өмір сүруге баулиды. Елбасының осы мақалада көтерген тағы бір маңызды, өзекті мәселесі – туған жерге деген махаббат.

Президентіміз: «...Қазақ «Туған жерге туынды тік» деп бекер айтпаған. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол сәбепті, Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі», – деп атап өтті.

Расында, өзінің туған жерінің, туған өлкесінің көркеюіне үлес қоса білген азамат бүкіл елдің игілігі үшін қызмет ете алады. Міне, патриотизм дегеніміз туған жерге деген сүйіспеншіліктен басталады.

Бірде пайғамбарымыз Мұхаммедтен (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір кісі: «Уа, Алланың Елшісі, ең жақсы адам кім?» – деп сұрайды. Сонда ол: «Ең жақсы адам – қоғамға, елге пайдасы тиген пәнде», – деп жауап берген екен.

